Маңғыстау облысы Түпқараған ауданында орналасқан жер учаскелеріне шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының әкімдігі шаруа қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін 10 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының әкімдігі конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап **отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін** конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдауды бастайды.

Осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап **15 жұмыс күні** ішінде қабылданады. Өтінімдерді қабылдау **2026 жылғы 16 қазаннан бастап 2026 жылдың 4 желтоқсан** қоса алғанда сағат **12-30-ға** дейін Форт-Шевченко қаласы Оңғалбайұлы көшесі №2 мекен жайы бойынша жүзеге асырылады.

№	Мекен-жайы	Көлемі га.	Кадастрық нөмірі	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жалдау мерзімі (жыл)
1	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-877	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
2	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-878	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
3	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-879	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
4	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-880	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
5	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-881	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
6	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-882	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
7	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-883	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
8	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-884	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
9	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-885	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
10	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері	10,0	13-199-006-886	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
11	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, «Қошан құдық» жері	20,0	13-202-008-078	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
12	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, «Ақкетік» жері	10,0	13-202-008-079	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
13	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, «Ақкетік» жері	10,0	13-202-008-080	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
14	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, «Ақкетік» жері	10,0	13-202-008-081	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
15	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Тамшалы» жері	10,0	13-199-006-887	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
16	Түпқараған ауданы, «Ащыбас» жері	10,0	13-199-007-3213	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
17	Түпқараған ауданы, «Ащыбас» жері	10,0	13-199-007-3214	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
18	Түпқараған ауданы, «Жеті қыз» жері	10,0	13-199-006-888	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
19	Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылы «Қаңға» жері	10,0	13-199-003-494	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
20	Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылы «Қаңға» жері	10,0	13-199-003-495	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
21	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы жері	10,0	13-202-007-356	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
22	Түпқараған ауданы, «Жарыауыл» жері	20,0	13-199-006-827	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
23	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы жері (бұрыннан қалған)	10,0	13-202-007-341	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
24	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-760	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
25	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-758	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
26	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-761	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
27	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-766	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
28	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-788	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
29	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-789	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
30	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-794	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
31	Түпқараған ауданы бұрынғы «Қарағантүбек» жері, «Қошанай» жері (бұрынан қалған)	10,0	13-199-006-756	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10
32	Түпқараған ауданы, Таушық ауылынан (бұрынан қалған)	10,0	13-199-004-1306	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	10

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс.

1. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

2. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану ережелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру жөніндегі индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелерді орындау;

Ең жоғары балл алған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсыныстың конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және « 2026 жылғы _____»_____ « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі, жоғарыда көрсетілген) деген сөздер жазылады.

Қатысушы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің өтінімін өзгерте немесе кері қайтара алады. Өзгеріс өтінім сияқты дайындалады, мөрленеді және ұсынылады. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтару туралы хабарлама, егер оны аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін алған болса, жарамды болып табылады.

Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні жер комиссиясы түскен жабық конверттерді ашу жолымен (конкурсқа қатысушылардың қатысуынсыз) конкурстың қорытындысын шығарады.

Ескерту: Өтінім жоғарыдағы талаптарға сәйкес толтырылмаған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға бұл өтінімді қабылдамай тастауға жатады.

Конкурстың аяқталған күні қорытынды шығарылған күн болып есептеледі. Конкурстың қорытындысы қатысуға өтінім беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі жұмыс күні өткізіледі.

Конкурсты өткізу күні, уақыты және орны: өтінімді ашу және конкурстың хаттама отырысы **2026 жылғы 7 желтоқсанда сағат 15.00-де** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Д.Тәжіұлы көшесі, №13.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтер мен қосымша ақпаратты Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы әкімдігінің интернет-ресурстарынан алуға болады, немесе Тел.: 87293822588 «Түпқараған ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ.

№442